

**"Жол картасының бағыттарын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2009-2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы" Маңғыстау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 2102 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2010 жылғы 09 ақпандағы № 26 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 11 наурызда № 2065 тіркелді. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы N 08-18-838 хатымен)

**Ескерту. Қаулының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Маңғыстау облысы әкімшілігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы N 08-18-838 х а т ы м е н )**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзін басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, облыс әкімдігі **Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. «Жол картасының бағыттарын іске асыру шеңберінде техникалық және кәсіптік білімі бар мамандарды даярлауға 2009 - 2010 оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» Маңғыстау облысы әкімдігінің 2009 жылғы 16 маусымдағы № 2102 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2052 болып тіркелген, «Маңғыстау» газетінде 2009 жылғы 1 тамызда № 122 (7557) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасында:

«Маңғыстау техникалық колледжі» МКҚК» деген 5-тармағындағы мына жол а л ы н ы п т а с т а л с ы н :

«

1114000 Пісіру ісі (түрлері бойынша): 111406 3 Техник-механик	25	11 сынып	қазақша	2 жыл 6 ай
--	----	----------	---------	------------

» ;

мына:

1401000 Үйлер мен ғимараттарды салу және пайдалану: 140121 3 Құрылыс-технигі	25	11 сынып	қазақша	2 жыл 6 ай
---	----	----------	---------	------------

жолдағы «25» деген сандар «13» деген сандармен ауыстырылсын;  
«Жиыны» деген жолда «50» деген сандар «13» деген сандармен  
а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Мемлекеттік колледждер бойынша жиыны» деген жолда «500» деген сандар  
«463» деген сандармен ауыстырылсын;

«Облыс бойынша» деген жолдағы «900» деген сандар «863» деген сандармен  
а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж.А.  
Қ а р а е в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен  
соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Қ. Көшербаев*